

2020 жылғы 21 шілде Бұйрық -04-673

«BankRBK» АҚ

Директорлары кеңесімен
бекітілген

2020 ж. «20» шілдесі күнгі хаттама

Күшіне енетін күні
2020 жылғы «20» шілде

«Bank RBK» АҚ-да операцияларды өткізудің жалпы шарттары туралы ЕРЕЖЕЛЕР

«Bank RBK» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2021 жылғы 14 қаңтардағы хаттама),
2021 жылғы 14 қаңтардан бастап күшіне енген өзгерістермен және толықтырулармен,
«Bank RBK» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2021 жылғы 27 қаңтардағы хаттама),
2021 жылғы 27 қаңтардан бастап күшіне енген өзгерістермен,
«Bank RBK» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2021 жылғы 18 ақпандағы хаттама),
2021 жылғы 18 ақпаннан бастап күшіне енген өзгерістермен және толықтырулармен,
«Bank RBK» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2021 жылғы 24 маусымдағы хаттама),
2021 жылғы 24 маусымнан бастап күшіне енген өзгерістермен және толықтырулармен,
«Bank RBK» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2021 жылғы 05 тамыздағы хаттама),
2021 жылғы 05 тамыздан бастап күшіне енген өзгерістермен және толықтырулармен,
«Bank RBK» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2021 жылғы 11 қарашадағы хаттама),
2021 жылғы 11 қарашадан бастап күшіне енген өзгерістермен және толықтырулармен,
«Bank RBK» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2021 жылғы 09 желтоқсандағы хаттама),
2021 жылғы 09 желтоқсаннан бастап күшіне енген өзгерістермен және толықтырулармен,
«Bank RBK» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2022 жылғы 05 мамырынан хаттама),
2022 жылғы 05 мамырдан бастап күшіне енген өзгерістермен және толықтырулармен,
«Bank RBK» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2022 жылғы 16 маусымдағы хаттама),
2022 жылғы 16 маусымнан бастап күшіне енген өзгерістермен және толықтырулармен.

1 тарау. Жалпы ережелер

1. «Bank RBK» АҚ-да операцияларды өткізудің жалпы шарттары туралы осы Ережелер (бұдан былай – ережелер) «Bank RBK» АҚ қызметін анықтайтын (бұдан былай – Банк) Қазақстан Республикасы заңнамасымен, оның Жарғысымен және Банктің басқа ішкі нормативтік құжаттарымен сәйкес әзірленген және бекітілген.
2. Ережелер Банктің операцияларды өткізуінің жалпы (стандартты) шарттарын, Банктің клиенттерімен жұмыс істеу тәртібін, Банк пен оның клиенттерінің құқықтары мен міндеттерін анықтайды. Банктің банктік операциялардың алуан түрлері және банктік өнімдер бойынша операцияларды өткізуінің басқа шарттары Банктің ішкі нормативтік құжаттарында, сонымен қатар, банктік қызмет көрсету шарттарында анықталады.
3. Осы Ережелер құрамына келесі мәліметтер мен процедуралар кіреді:
 - 1) Қабылданатын депозиттер (салымдар) мен ұсынылатын несиелердің (қарыздар) шекті сомалары мен мерзімдері;
 - 2) депозиттер (салымдар) және несиелер (қарыздар) бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары;
 - 3) депозиттер (салымдар) және несиелер (қарыздар) бойынша сыйақыны сыйақы төлеу шарттары;
 - 4) Банк қабылдайтын қамтамасыздыққа қойылатын талаптар;
 - 5) Банктің металл шоттарды ашу, жүргізу және жабуының жалпы тәртібі,

- 6) Банктік операцияларды өткізуге мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті шамалары;
 - 7) Банктік қызметтер ұсыну туралы шешімді қабылдаудың шекті мерзімдері және банктік қызметтер ұсыну тәртібі;
 - 8) Банктік қызметтер ұсыну процессінде орын алатын клиенттер жүгінімдерін қарау тәртібі;
 - 9) Банктің және оның клиенттерінің құқықтары мен міндеттері, олардың жауапкершілігі;
 - 10) Клиенттермен жұмыс істеу тәртібі туралы ереже;
 - 11) Банктің директорлар кеңесі осы Ережелерге енгізу қажет деп есептеген басқа шарттар, талаптар мен шектеулер;
4. Банк өкілетті орган берген лицензия негізінде ұлттық және (немесе) шетелдік валютадағы операцияларды жүзеге асырады.
5. Банк лицензия негізінде жүзеге асыратын операциялармен қатар, Банк Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» Заңымен қарастырылған басқа қызметпен айналысуға құқылы.
6. Осы Ережелер ашық ақпарат болып табылады және танысу үшін клиенттің талабы бойынша ұсынылады.

2 тарау. Негізгі терминдер мен анықтамалар

7. Осы Ережелер мәтінінде келесі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:
- аллокирленген металл шот** – клиент олардың жеке белгілерін сақтай отырып, Банктің жауапты сақтауына тапсырған, физикалық формадағы аффинирленген құнды металлдарды есепке алу үшін Банк ашатын металл шот;
- аффинирленген құнды металлдар** – қоспалар мен ілеспе компоненттерден өңдеуден және тазартудан өткен, Лондондық құнды металлдар нарығы ассоциациясы (London bullion market association) немесе Лондондық платина тобы металлдарының ассоциациясы (London Platinum and Palladium Market) қабылдаған халықаралық сапа стандарттарына және / немесе Кеден одағы қатысушылары болып табылатын мемлекеттерде анықталған сапа стандарттары мен талаптарына және / немесе шыққан елінің сапа стандарттарына және техникалық талаптарына сәйкес келетін сапаға дейін жеткізілген құнды металлдар, сонымен қатар, алтын және күміс үшін пайызы 99,99 -дан кем емес құнды металлдың салмақтық үлесіне ие құнды металлдардан жасалған монеталар;
- Сауалнама** – құрамында клиент туралы мәліметтер мен ақпарат бар, Қазақстан Республикасының 2009 жылдың 28 тамызы күнгі № 191-IV «Қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (ізін жасыруға) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы күрес туралы» Заңына және шетелдік салықтық резиденттік белгілерін анықтау үшін пайдаланылатын, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2014 жылдың 26 желтоқсаны күнгі № 267-V Заңымен анықталған, салықтық істер бойынша өзара әкімшіліктік көмек туралы Конвенциямен сәйкес (Страсбург, 25 қаңтар, 1988 жыл), салық резиденттілігінің дербес растауынан тұратын, Банктің ішкі бақылау ережелеріне сәйкес, клиенттерді, егер клиент заңды тұлға болып табылатын болса, онда оның бенефициарлық меншік иегерлерін талапқа сай тексеру бойынша талаптар шегінде рәсімделетін құжат;
- Банктік операциялар** – Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған және Банкке өкілетті орган берген лицензияда көрсетілген операциялар;
- Банктің қызметтері** – Банктің банктік және Банктер туралы заңмен анықталған операциялардың басқа түрлерін өткізу бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру нәтижесі;
- Банктік өнім** – клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыратын, Банк тауар ретінде жүзеге асыратын қызмет түрі. Банктік өнім (қызмет) материалдық және бейматериалдық болуы мүмкін;

Бенефициарлық меншік иесі – оған жарғы капиталындағы қатысу үлесінің немесе клиенттің – заңды тұлғаның орналастырылған акцияларының 10 (он) пайызынан астамы (артықшылық берілген немесе қоғам сатып алғандарды кеміткенде) тікелей немесе жанама меншікті жеке тұлға, сонымен қатар, клиентке бақылауды басқа жолмен жүзеге асыратын немесе оның мүддесінде клиент ақшамен және (немесе) басқа мүлікпен операциялар орындайтын жеке тұлға;

брокер – эмиссиялық құнды қағаздармен және клиенттің тапсырысы бойынша, есебінен және оның мүддесінде басқа қаржылық инструменттермен мәмілелер жасайтын, құнды қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы;

салым (депозит) – Банк клиенттен жасалған БҚКШ негізінде қабылдайтын, Банк ол бойынша БҚКШ -мен қарастырылған мөлшерде және тәртіппен сыйақы төлеуін және Қазақстан Республикасының заңнамасымен және БҚКШ -мен салымның осы түрі үшін қарастырылған талаптар негізінде және тәртіппен салымды қайтаруды қарастыратын ақша.

салымшы (депозитор) – Банкпен БҚКШ жасасқан және / немесе салымға (депозитке) иелік етуге құқылы заңды және / немесе жеке тұлға, жеке кәсіпкер;

Банктің ІНҚ (ішкі нормативтік құжаттар) – Қазақстан Республикасының заңнамасы, Банктің Жарғысы және Банктің басқа ішкі нормативтік құжаттарымен сәйкес әзірленген және бекітілген, олар өздерінің қызметтерін және лауазымдық міндеттемелерін орындау кезінде банкішілік қатынастарға қатысушылардың сақтауы және қолдануы үшін міндетті мінез-құлықтың міндетті нормалары мен ережелерін анықтайтын, өзгертетін немесе тоқтататын жазбаша құжат;

кастодиандық шарт – Банк пен оның клиенті жасасатын, клиентке кастодиандық қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын сақтау және тапсырма беру шарты;

кастодиандық қызмет – бағалы қағаздар нарығындағы клиенттердің қаржы құралдары мен ақшасын есепке алу жөніндегі кәсіби қызмет және олар бойынша құқықтарды растау, клиенттердің құжаттамалық қаржы құралдарын сақтау жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдай отырып сақтау және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де қызмет;

клиенттің активтері (кастодиандық қызмет мақсаттары үшін) – жеке және заңды тұлғаларға тиесілі немесе кастодиандық қызмет көрсетуге берілген инвестициялық пай қорын құрайтын активтердің жиынтығы;

кепілдеме – үшінші тұлға (кепілгер) берген, оған байланысты кепілгер басқа тұлғаның (борышкердің) кредиторы алдында осы тұлғаның міндеттемелерді толық немесе ішінара қарызгербен (қосалқы қарызгербен) солидарлы орындауы үшін жауап беретін міндеттеме, Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларды қоспағанда;

СЖТМ– Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкес есептелетін, Банк көрсететін қызметтер үшін шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептелетін (шынайы құны) сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі;

брокерлік қызметтер көрсету туралы шарт – Банк пен клиент арасында жазбаша формада жасалатын, соңғысына құнды қағаздар нарығында брокерлік қызметтер көрсету туралы шарт;

аллокирленген металл шот шарты – Банк пен клиент арасында аффинирленген құнды металлдармен операцияларды физикалық формада жүзеге асыру мақсаттарында жазбаша түрде жасалатын шарт;

аллокирленбеген металл шот шарты - Банк пен клиент арасында аффинирленген құнды металлдарды дара биліктен айыру (физикалық емес) қабылдау және орналастыру бойынша операцияларды жүзеге асыру мақсаттарында жазбаша формада жасалатын шарт;

БҚКШ (банктік қызмет көрсету шарты) – осы Ережелердің мәтіні бойынша бірге немесе жеке шарттардың келесі түрлері:

- «Bank RBK» АҚ-да жеке тұлғаларға банктік қызмет көрсету шарты;

- Заңды тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге, шаруа (фермерлік) қожалықтарға, жеке нотариустарға, адвокаттарға, жеке сот орындаушыларына, кәсіби медиаторларға банктік қызмет көрсету шарты;

- Банк пен клиент арасында жасалатын, банктік қызметтерді көрсету тәртібін анықтайтын Банктің ІНҚ-мен қарастырылған басқа шарт;

Берешек - негізгі борыштың қалдық сомасын, есептелген, бірақ төленбеген сыйақыны, комиссияларды, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) және Қарыз алушымен жасалған БҚҰ-да көзделген өзге де төлемдерді қоса алғанда, Банктік қарыз бойынша борыш сомасы;

Қарыз алушы – Банкпен БҚКШ-ын жасасқан және қарыз (несие) алған және алынған ақшаларды қайтару және алынған қарызды (несиені), оның ішінде сыйақы және қарыз (несие) бойынша басқа төлемдерді толық төлеу бойынша міндеттемені өзінің мойнына қабылдайтын жеке, заңды тұлға, жеке кәсіпкер;

Банктер туралы заң – «Қазақстан Республикасындағы Банктер және Банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы № 2444 заңы;

кепілзат – клиент немесе басқа тұлға (кепіл беруші) клиенттің Банк алдындағы міндеттемелерінің қамтамасыздығы ретінде ұсынған жылжымалы және / немесе жылжымайтын мүлік, сонымен қатар, оның түрлері Банктің ІНҚ-мен қарастырылған мүліктік құқықтар (талаптар), оны Банк кепіл ұстаушы ретінде қарыз алушы кепілзатпен қамтамасыз етілген міндеттемесін орындамаған жағдайда, осы мүлік (кепіл беруші) меншікті тұлғаның басқа кредиторлары алдындағы артықшылықпен кепілге берілген мүлік құнынан өндіріп алуға құқылы, Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған алымдармен бірге;

кепілдік құны – Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің ІНҚ-мен сәйкес анықтаған, кепілзат туралы шартта көрсетілетін кепілзаттың құны;

кепіл беруші – меншік иесі немесе меншік иесінің рұқсатымен, шаруашылық жүргізу құқығы негізінде қамтамасыздық тақырыбына ие тұлға. Қарыз алушының өзі, сонымен қатар, үшінші тұлға (заттық кепілгер) Кепіл беруші бола алады;

Өтініш – Клиенттің (және Салымшының – Салымды үшінші тұлға Клиент пайдасына орналастырған жағдайда) Жалпы талаптарға қосылу және Банкпен Банктік қызмет көрсету шартын жасасу ниетінен (оферта) тұратын, Клиенттің (және Салымшының – Салымды үшінші тұлға Клиент пайдасына орналастырған жағдайда) жазбаша еркін білдіруі. Өтініштің негізінде Банк банктік қызмет көрсету бойынша құқықтық қатынастарды орнату және жүзеге асырумен байланысты әрекеттерді жасайды. Өтініш Жалпы шарттарға қосылудың растамасы болып есептеледі. Осы Жалпы шарттар шегінде «Өтініш» ұғымы құрамына, бірақ мұнымен шектелмей, Жалпы шарттарға қосылу туралы Өтініш, Несие алу туралы Өтініш, Ағымдағы шотты ашу туралы өтініш, Жинақтау шотын ашу туралы өтініш, Төлем карточкасын шығару және қызмет көрсету туралы өтініш, Қосымша карточка шығару және қызмет көрсету туралы өтініш, Сейфті жалға алу туралы өтініш, Аллокирленген / аллокирленбеген металл шот ашу туралы өтініш кіреді;

ипотекалық қарыз – жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген банктік қарыз;

клиент – банктік қызметтердің тұтынушысы / Банкпен жасалған БҚКШ негізінде мәміле бойынша тарап болып табылатын заңды және / немесе жеке тұлға немесе қызмет алушылар болып табылатын тұлғалар;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржылық мониторинг жөніндегі (ҚМ) – қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында осы органның жүргізуіне жатқызылған экономикалық және қаржылық құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру бойынша басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

Комиссиялық сыйақы – Банк Банктің қолданыстағы тарифтерімен сәйкес, Банктің қызметтер көрсетуі үшін алатын ақысы (банктік және басқа операциялар өткізу);

Несие (қарыз) – Банк клиентке оның сомасы шегінде және БҚКШ талаптарымен және қолданыстағы заңнамамен сәйкес мерзімділік, ақылылық және қайтарымдылық (жекелеген жағдайларда – сонымен қатар, қамтамасыздық және мақсаттық тағайындалымы бойынша пайдалану шарттары негізінде) талаптары негізінде ұсынатын банктік қарыз;

Несиелік скоринг – сапалық және сандық сипаттамаларға негізделген математикалық немесе статистикалық модель көмегімен қарыз алушының – жеке тұлғаның несиеге қабілеттілігін бағалау жүйесі, құрамына, сонымен қатар, қарыз алушының тұрақты және жеткілікті табысының болуы немесе жоқтығы, жұмыс орнын және лауазымын, ағымдағы мамандық бойынша жұмыс істеу ұзақтығын, қамтамасыздық ретінде орынды болатын жылжымайтын мүлкінің болуы, қарыз берешегінің болуы, оның ішінде, басқа банктер алдында, қарыздар (несиелер) бойынша төлем тәртібінің және несие тарихының бағасы, қарыз алушының ішкі несиелік рейтингін анықтау туралы көрсету;

Банкпен ерекше қатынастармен байланысқан тұлғалар – Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкес Банкпен ерекше қатынаспен байланысқан тұлғалар ретінде анықталған тұлғалар;

Металл шот – Банк пен клиент арасындағы аффинирленген құнды металлдармен операцияларды жүзеге асыру бойынша шарттық қатынастарын көрсету тәсілі;

Сараланған төлемдер әдісі – қарыз (несие) бойынша берешекті азаймалы төлемдермен өтеу әдісі, оның құрамына негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомалары және кезең үшін негізгі борыштың қалдығына есептелген сыйақы кіреді;

аннуитетті төлемдер әдісі – қарыз (несие) бойынша берешекті қарыздың (несиенің) күллі мерзімі ішінде тең төлемдермен өтеу әдісі, құрамына негізгі борыш бойынша артатын төлемдер және кезең үшін негізгі борыш қалдығына есептелген сыйақы бойынша азаймалы төлемдер кіреді;

аллокирленбеген металл шот – Банк олардың жеке белгілерін көрсетусіз аффинирленген құнды металлдарды есепке алу, сонымен қатар, жеке биліктен айырылған (физикалық емес) формадағы аффинирленген құнды металлдарды қабылдау, орналастыру және сатып алу – сату бойынша операцияларды жүзеге асыру үшін ашатын металл шот;

қамтамасыздық – кез-келген мүлік, оның ішінде Банктің талаптарына сәйкес келетін заттар мен мүліктік заттар (талаптар), оларды кепілдікке ұсынуға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған;

Жалпы шарттар – осы Ережелер мәтіні бойынша Банктің қызметтерді көрсетуінің жалпы шарттарын анықтайтын, бірге немесе жекеше Банк құжаттарының келесі түрлері:

- «Bank RBK» АҚ-да жеке тұлғаларға банктік қызмет көрсету шарты;
- Заңды тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге, шаруа (фермерлік) қожалықтарына, жеке нотариустарға, адвокаттарға, жеке сот орындаушыларына, кәсіби медиаторларға банктік қызмет көрсету шарты;

овердрафт – қысқа мерзімді қарыз болып табылатын, клиент төлемдерді БҚКШ анықталған несие сомасы шегінде ағымдағы шотта бар балансты клиенттің төлемдерін өткізу кезінде ағымдағы шот бойынша дебеттік сальдонның пайда болуы жолымен автоматты арттыра отырып жүзеге асыру арқылы пайдаланатын несие инструменті;

Операциялық уақыт – оның ішінде Банк нұсқаулар, нұсқауларды орындауды тоқтату немесе осындай нұсқауларды кері қайтару туралы өкімдерді қабылдау және өңдеуді, сонымен қатар, Банк жүзеге асыратын басқа банктік операцияларды жүзеге асыратын бір жұмыс күні шегіндегі уақыт кезеңі. Банктің операциялық уақыты туралы мәліметтер клиенттің назарына сәйкес ақпаратты Банктің операциялық залдарына орналастыру арқылы, сонымен қатар, Банктің таңдауы бойынша басқа тәсілдермен жеткізіледі, оның ішінде, бірақ мұнымен шектелмей, сәйкес ақпаратты Банктің www.bankrbk.kz корпоративтік интернет-ресурсында және / немесе осы Ережелерде, және / немесе тарифтерде орналастыру жолымен. Банк Операциялық уақыттың ұзақтығын біржақты

тәртіппен өзгертуге құқылы, ал өзгерістер туралы ақпарат клиентке жоғарыда аталған тәсілдермен жеткізіледі. Банк әртүрлі филиалдар және Банктің ішкі құрылымдық бөлімшелері, шоттар бойынша жекелеген операциялар, Банк ұсынатын қызметтер үшін, сонымен қатар, жекелеген клиенттер үшін әртүрлі Операциялық уақыт анықтай алады;

Операциялық күн – оның ішінде Банк банктік және басқа операциялар орындау үшін ашық Банк анықтаған жұмыс күні уақыты. Операциялық күн жүзеге асырылатын операциялардың / Банк ұсынатын қызметтердің алуан түрлері үшін басқаша болуы мүмкін.

Банктің операциялық күні туралы мәліметтер клиенттің назарына сәйкес ақпаратты Банктің операциялық залдарына орналастыру арқылы, сонымен қатар, Банктің таңдауы бойынша басқа тәсілдермен жеткізіледі, оның ішінде, бірақ мұнымен шектелмей, сәйкес ақпаратты Банктің www.bankrbk.kz корпоративтік интернет-ресурсында және / немесе осы Ережелерде, және / немесе тарифтерде орналастыру жолымен. Банк операциялық күннің ұзақтығын біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы, ал өзгерістер туралы ақпарат клиентке жоғарыда аталған тәсілдермен жеткізіледі. Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша 18-00-ден кейін жасалған барлық төлемдер келесі жұмыс күні орындалған болып есептеледі;

Төлем карточкасы – электронды терминалдар немесе басқа құрылғылар арқылы ақшаға қолжеткізу құралы, онда осындай карточканың ұстаушысына төлемдерді, қолма-қол ақша алуға, ақша айырбастауды орындауға және төлем карточкасы эмитентімен анықталған және оның шарттары негізінде басқа операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпарат бар. Төлем карточкасы Банктің меншігі болып табылады;

Шекті шамалары – қабылданатын салымдар (депозиттер) және ұсынылатын қарыздардың (несиелердің), салымдар (депозиттер) және қарыздар (несиелер) бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің осы Ережелерге сәйкес қосымшаларда анықталған минималды және максималды сомалары және мерзімдері;

Жұмыс күні – Банк банктік операциялар өткізу және мәмілелер жасасу үшін, сонымен қатар, нұсқауларды / клиенттің нұсқауларын орындауды тоқтату немесе осындай нұсқауларды кері қайтару туралы өкімдерді қабылдау және өңдеу үшін ашық күн (Қазақстан Республикасындағы ресми демалыс және мереке күндерін қоспағанда), немесе, ақшаны шетелдік валютада халықаралық аудару жағдайында, банктер Қазақстан Республикасында және онда осындай шетелдік валюта заңды төлеу құралы болып табылатын елде банктік және басқа операцияларды өткізу үшін ашық болған күн. Мерзімдерді анықтау кезінде Жалпы талаптар мәтіні бойынша тікелей жұмыс күндерімен мерзімдерді есептеу қажеттілігі көрсетілмеген болса, осындай мерзім күнтізбелік күндермен есептеледі. Егер мерзімнің күні немесе соңғы күні демалыс күніне сәйкес келсе, мерзім аяқталатын күн деп ең жақын одан кейінгі жұмыс күні есептеледі;

Шот – осы Жалпы талаптармен және сәйкес Өтінішпен сәйкес Банкте ашылған ағымдағы шот немесе жинақтау шоты;

Жинақтау және мерзімді салым – салымшы Банкке белгісіз мерзімге орналастыратын салым;

Жинақтау шоты – Банк клиентке Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған қызметтерді БҚКШ негізінде көрсету үшін ашатын банк шоты;

ҚБҚКЖ – «Интернет-Клиент» қашықтықтан банктік қызмет көрсету жүйесі, ол Клиентке ҚБҚКЖ -нің Жалпы шарттарының ережелерімен сәйкес, қашықтықтан қызмет көрсетуге және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған және Банкпен анықталған электронды банктік қызметтерді www.rbk24.kz адресі бойынша web-қосымша және / немесе мобильді қосымша арқылы қашықтықтан алуға мүмкіндік беретін қашықтықтан қолжеткізу жүйесі болып табылады;

тарифтер – Банк бекіткен, ол көрсететін банктік және басқа қызметтер үшін алатын, Банктің www.bankrbk.kz корпоративтік интернет-ресурсында орналастырылған (жеке

ұсынылғандарды қоспағанда, олар Клиент назарына Банк анықтаған тәсілмен жеткізіледі) Банктің комиссиялық сыйақысы мөлшерлері;

ағымдағы шот – Банк клиентке Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған қызметтерді БҚКШ негізінде көрсету үшін ашатын банк шоты;

өкілетті орган – Қазақстан Республикасының қаржы нарығына және қаржылық ұйымдарына бақылау және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

ӨКО(өкілетті коллегиялық орган) – Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер, басқарма, басқарма жанындағы белгілі бір сұрақтарды, міндеттерді Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің ІНҚ-мен сәйкес шешуге өкілеттік берілген комитеттер, олардың құзыретіне кіретін белгілі сұрақтар бойынша нормативтік сипаттағы шешімдер қабылдау өкілеттіктеріне ие;

Банктің өкілетті тұлғасы – белгілі бір сұрақтар / міндеттерді қабылдау және шешу бойынша, оның ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Банктің ІНҚ-мен сәйкес өкілеттіктерге сәйкес мәмімелер жасасу бойынша кілеттіктерге ие Банк қызметкерлері;

Шартты салым – салымшы Банкке белгілі БҚКШ жағдайлары (шарттары) орын алғанға дейін орналастыратын салым;

Қызметті алушы – Банкке жүгінген сәтте Банкке БҚКШ жасаусыз ұсынылатын бір реттік банктік қызметті алу үшін жүгінген тұлға;

факторинг – ақшалай талапты шегіну арқылы қаржыландыру;

VIP-клиент – Банктің ІНҚ-на сәйкес «VIP» мәртебесі берілген Банктің клиенті – жеке тұлға;

FATCA (Foreign Account Tax Compliance Act) – АҚШ субъектілеріне, оның ішінде белгілі критерийлерге ие, АҚШ шегінен тыс тұратын тұлғаларға, өздерінің шетелдік қаржылық шоттары туралы есептілікті ұсынуға міндеттейтін, сонымен қатар, шетелдік қаржы институттарына АҚШ-тың Ішкі Табыстары Қызметіне АҚШ-тың субъектілері болып табылатын өздерінің клиенттері туралы есептілік ұсынуға міндеттейтін АҚШ-тың федералдық заңы;

SMS-пароль – бұл автоматты режимде автоматтандырылған банктік ақпараттық жүйеде генерацияланатын және қосылу туралы Өтініште көрсетілген, Клиенттің мобильді телефонына провайдердік байланыс арналары арқылы жіберілетін бір реттік пароль;

SMS-хабар – Клиенттің Ұялы құрылғысына ұялы байланыс арқылы жіберілген, Банктен қысқа мәтіндік хабар, онда, сонымен қатар, электронды сандық символдардың генерацияланған бірегей бірізділігі бар.

8. Осы Ережелерде пайдаланылатын басқа терминдер мен анықтамалар, Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған мағынада қолданылады.

3 тарау. Қабылданатын депозиттер (салымдар) мен ұсынылатын несиелер (қарыздардың) шекті сомалар және мерзімдері

9. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің ІНҚ-мен анықталған тәртіппен, қайтарымдылық, мерзімділік, ақылылық және қамтамасыздандырылғандық (қажет болған жағдайда) шарттары негізінде несиелендіру / қаржыландырудың әртүрлі өнімдерін ұсынады.

10. Ұсынылатын несиелердің (қарыздардың) және қабылданатын депозиттердің (салымдардың) шекті сомалары мен мерзімдері осы Ережелерге сәйкес қосымшалармен анықталады.

11. Депозиттер (салымдар) және несиелер (қарыздар) бойынша нақты шарттарды клиент үшін БҚКШ-да және / немесе тарифтерде анықталады.

4 тарау. Депозиттер (салымдар) және несиелер (қарыздар) бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары

12. Салымдар (депозиттер) және қарыздар (несиелер) бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары (төменгі және жоғарғы шектері) осы Ережелерге сәйкес қосымшаларда анықталады. Бұл ретте, қарыз (несие) бойынша СЖТМ -нің шекті мөлшері БҚКШ жасалған күнгі Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған шекті рұқсат етілген мөлшерден аспайды.

13. Салымдар (депозиттер) және қарыздар (несиелер) бойынша сыйақы мөлшерлемелері туралы маңызды ақпарат бекіту және қолданыстағы мөлшерлемелерге өзгертулер енгізу күндері, ішкі құжаттар нөмірлері және оларды бекіткен (қабылдаған) орган туралы мәліметтерді көрсете отырып, Банк Банктің www.bankrbk.kz корпоративтік интернет-ресурсында, сонымен қатар, филиалдар жайларында (көру және танысу үшін қолжетімді жерге) орналастырады.

14. Клиентке – жеке тұлғаға бірінші және кез-келген келесі қарызды (несиені) ұсынғанға дейін Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы талаптарымен қарастырылған іс-шараларды жүзеге асырады.

5 тарау. Депозиттер (салымдар) және несиелер (қарыздар) бойынша сыйақыны төлеу шарттары

15. Банк жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) міндетті кепілдендіру жүйесінің қатысушысы болып табылады және салымдарды (депозиттерді) міндетті кепілдендіруді жүзеге асыратын ұйым берген куәлік негізінде қолданылады.

16. Банк салымды қабылдайды, клиенттен (және / немесе салымшыдан – салымды үшінші тұлға клиент пайдасына орналастырған жағдайда) алынған Өтініш негізінде жинақтау шотын ашады, клиент қол қойған Жалпы шарттарға қосылу туралы Өтініш болған және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және Банктің ІНҚ-мен анықталған талаптарға сәйкес келетін форма және мазмұн бойынша барлық құжаттар алынған уақытта, және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, БҚКШ-мен және Банктің ІНҚ-мен анықталған талаптарға сәйкес талаптар негізінде және тәртіппен салым бойынша сыйақы төлеуге және салымды қайтарып беруге (толық немесе ішінара) міндеттенеді.

17. Сыйақы есептеу және төлеу, сонымен қатар, салымға қосымша салымдар / алулар рұқсаты БҚКШ талаптарымен сәйкес анықталады.

18. СЖТМ Банктің қызметтері бойынша сыйақы мөлшерлері туралы ақпаратты тарату кезінде көрсетіледі, оның ішінде оны жариялау; клиенттердің ауызша және жазбаша сұраулары бойынша; Банк акцепттеген Өтініштерде, онда Банктің сыйақы мөлшерлемесі көрсетілген сөйлемде. Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі – бұл салыстырмалы (шартты) есептеумен саналған, салымға тартылатын ақшаның шынайы құны, салым бойынша сыйақыны есептеу үшін пайдаланылмайды.

19. Жеке тұлғалардың салымдары (депозиттері) бойынша сыйақыны есептеу үшін 30 (отыз) күнтізбелік күндерге тең стандартты шартты ай және 360 (үш жүз алпыс) күнтізбелік күндерге тең шартты жыл алынған. Заңды тұлғалардың салымдары (депозиттері) бойынша сыйақыны есептеу үшін нақты санына тең стандартты шартты ай және 365 (үш жүз алпыс бес) күнтізбелік күндерге тең шартты жыл алынған.

20. Салым ақша жинақтау шотына түскен сәттен бастап қабылданған болып есептеледі. Салым сомасын салу Қосылу туралы өтініш тапсырылған / БҚКШ жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күндері ішінде жүзеге асырылады, егер БҚКШ-мен басқасы қарастырылмаған болса. Егер клиент салым сомасын жинақтау шотына уақтылы аудармаса, онда тараптар салымды орналастыру бойынша мәміле жасаудан бас тартқандығы болжанады, және мәміле жасалмаған болып мойындалады. Көрсетілген жағдайда, Банк Банкке осы тармақпен анықталған мерзімді бұза отырып келіп түскен ақшаны Өтініште көрсетілген деректемелер бойынша клиентке қайтаруды жүзеге асырады.

21. Салымды (депозитті) салымшыға (депозиторға) қайтарған уақытта БҚКШ-ның талаптарымен сәйкес, осы сәтте оған тиесілі күллі сыйақы төленеді.
22. Талап етілгенге дейінгі салымдар бойынша салымшы (депозитор) оған салым (депозит) бойынша тиесілі сыйақыны салым (депозит) сомасынан жеке алуға құқылы.
23. Мерзімді салымдар бойынша салымшы (депозитор) салым (депозит) бойынша оған тиесілі сыйақыны оның мерзімі өткенге дейін салым (депозит) сомасынан жеке алуға құқылы. Егер БҚКШ-мен басқасы қарастырылмаған болса, мерзімді салымдар бойынша сыйақы мөлшері Банк талап етілгенге дейінгі салымдар үшін қолданатын мөлшерге қатысты есептеледі. Салым (депозит) мерзімі өткеннен кейін салымшы (депозитор) ол салымды (депозитті) талап еткендігіне немесе етпегендігіне тәуелсіз, оған тиесілі сыйақыны толық мөлшерде алуға құқылы.
24. Банк қабылданған салымдар (депозиттер) бойынша сыйақы мөлшерлемесін біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы емес, БҚКШ-мен қарастырылған, сыйақы мөлшерін арттыру немесе салым (депозит) мерзімін ұзарту жағдайларын қоспағанда.
25. Егер салым (депозит) және есептелген сыйақы сомасын төлеу күні демалыс және / немесе мереке күніне сәйкес келсе, төлем демалыс және / немесе мереке күнінен кейінгі бірінші жұмыс күні жүзеге асырылатын болады.
26. Салымды (депозитті) клиент БҚКШ әрекет ететін кез-келген уақытта оның шарттарымен сәйкес талап ете алады, салым (депозит) сомасын ішінара немесе толық алу немесе БҚКШ мерзімінен бұрын бұзу жолымен.
27. Салым талап етілгенге дейін салымшының (депозитордың) алғашқы талабы бойынша толық немесе ішінара қайтаруға жатады. Мерзімді және жинақтау салымы белгілі мерзімге салынады. Шартты салым белгілі БҚКШ жағдайлары орын алғанға дейін салынады.
28. Салымшы (депозитор) олардың мерзімі өткеннен кейін мерзімді және (немесе) жинақтау салымдары сомасын, сонымен қатар, БҚКШ олармен салымды (депозитті) қайтару байланыстыратын ол жағдайлар орын алғаннан кейін шартты салым сомасын талап етпеген жағдайда, БҚКШ салым шарттары негізінде талап етілгенге дейін ұзартылған болып есептеледі, егер БҚКШ-мен басқасы қарастырылмаған болса.
29. Шартты салымдар бойынша салымшы (депозитор) олармен БҚКШ салымды (депозитті) қайтаруды байланыстыратын жағдайлар орын алғанға дейін салымды (депозитті) қайтаруға құқылы.
30. Банк мерзімді немесе шартты салымды немесе оның бөлігін салымшы (депозитор) талабы келіп түскен сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірмей береді, егер сәйкес салым шарттарымен басқасы қарастырылмаған болса. Осы шарт кепілзат болып табылатын салымдарға (депозиттерге) таратылмайды.
31. Банк жинақтау салымын мшы (депозитор) талабы келіп түскен сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен бұрын бермейді.
32. Салымның толық сомасын қайтаруды Банк біржақты тәртіппен бұл туралы клиентке – заңды тұлғаға салымның толық сомасын қайтарудың болжалды күніне дейін кем дегенде 3 (үш) жұмыс күні бұрын алдын ала хабарлай отырып, келесі жағдайларда орындай алады:
 - 1) Банктің түрі осындай жаңа салымдарды қабылдауды тоқтатуы;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған.
33. Банк Банктің жеке тұлғалар үшін салымның белгілі түрі бойынша ақша қабылдауды тоқтатуымен байланысты салымның толық сомасын қайтару туралы хабарлама жіберген жағдайда, салым мерзімін ары қарай автоматты ұзарту орындалмайды, салым оның әрекет ету мерзімі аяқталғанға дейін әрекет етеді (ал егер салым мерзімі автоматты түрде ұзартылған болса – соңғы ұзарту мерзімі аяқталғанға дейін). Бұл ретте, егер салым сомасын клиент Өтінішпен анықталған (немесе ұзартылған) салым мерзімі өткеннен кейін талап етпесе, Банк салымды (оның бөлігін) және Банк есептеген сыйақыны клиентке (салымшыға – клиент салым бойынша құқықтарынан бас тартқан жағдайда) алдын ала хабарлаусыз және келісімінсіз, Өтініште көрсетілген ағымдағы шотқа аудару жолымен қайтарады. Егер салым

сомасын (оның бөлігін) және сыйақыны аударған сәтте ағымдағы шот жабық болса, онда Салым талап етілгенге дейінгі Салым шарттары негізінде ұзартылған болып есептеледі.

34. Заңды тұлғалар үшін мерзімді, жинақтау салымының әрекет ету мерзімін ұзарту Банктің ІНҚ-мен анықталған тәртіп пен процедураларды сақтай отырып мүмкін болады (Банктің қарауы бойынша), клиент Банкке мерзімді, жинақтау салымының әрекет ету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын жүтінген уақытта және сол шарттар негізінде орындалады, сыйақы мөлшерлемесін қоспағанда, оны Банк осындай ұзарту күні анықтайды. Мерзімді, жинақтау салымын қайтару және мерзімді, жинақтау салымы бойынша сыйақыны төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкес, төлем көзінен ұсталатын сәйкес салықтар ұсталғаннан кейін, салым мерзімі аяқталған күні орындалады.

35. Банк шоты, салымы (депозит) жабылған уақытта, Банк клиентке шотты, салымды (депозитті) ашу үшін пайдаланатын құжаттар көшірмелері клиентке қайтарылмайды.

36. Сыйақыны төлеген уақытта Банк клиент табыс алумен байланысты төлеуі тиіс салықтарды ұстап қалуға құқылы, Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған жағдайларда, мөлшерлерде және тәртіппен.

37. Үшінші тұлғалардың жинақтау шотынан сомаларды алу туралы талаптары орындалған күннен бастап, Банк сыйақы есептеуді тоқтатуға құқылы. Бұл ретте Банк салым (депозит) бойынша есептеген және төлеген сыйақы қайта есептеуге және БҚКШ талаптарымен сәйкес клиентке қайтаруға жатуы мүмкін.

38. Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тікелей қарастырылған жағдайларда, және азайтылмайтын қалдықты сақтау шарттары бұзылған уақытта (егер Өтінішпен ондай қарастырылған болса), үшінші тұлғалардың жинақтау шотынан сомаларды алу туралы талаптарын орындаған жағдайда, Банк есептелген және бұрын төленген салым бойынша сыйақыны қайта есептеуді жүзеге асыруға және салым қалдығын (болған уақытта) мерзімінен бұрын қайтарып беруге құқылы. Бұл ретте артық төленген сыйақы сомасы салым сомасынан ұсталады. Бұл жағдайда Банк клиентке (немесе салымшыға – Банкте клиенттен салым бойынша құқықтарынан жазбаша бас тартуы болған уақытта) салымның Банк үшінші тұлғалардың сомалардың жинақтау шотынан алынуы туралы талаптарын орындаған сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде қайтарылатындығы туралы хабарлама жібереді, егер Өтінішпен басқасы анықталмаған болса, және жинақтау шотын жабады.

39. Салымды (депозитті) беру Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған негіздер бойынша және тәртіппен тоқтатыла алады, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (ізін жасыру) қарсы күрес бойынша.

40. Мерзімді және жинақтау салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемесі бекітілген немесе құбылмалы бола алады.

41. Банк бекітілген немесе құбылмалы сыйақы мөлшерлемесін анықтайды және БҚКШ жасалған күні Банк ұсынғандардан қарыз алушының таңдауы бойынша қарызды (несиені) өтеу әдісі (сараланған төлемдер әдісімен немесе аннуитетті төлемдер әдісімен) көрсетіледі.

42. Банк, қарыздар (несиелер) бойынша сыйақы мөлшерлемелерін анықтау кезінде, тартылған ресурстар құнын, несие нарығындағы мөлшерлемелер деңгейін, Қазақстан Республикасының өкілетті органының қайта қаржыландыру мөлшерлемесі мөлшерін, қаржылық нарықтың конъюнктурасын және баға түзудің басқа маңызды факторларын басшылыққа алады.

43. Бекітілген сыйақы мөлшерлемесі біржақты тәртіппен өзгертуге жатпайды, оны азайту жағына өзгерту немесе Банктің азайту жағына уақытша өзгерту жағдайларын қоспағанда.

44. Сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына уақытша өзгерту деп Банктің сыйақы мөлшерлемесін белгілі мерзімге азайтуы түсініледі, ол уақыт өткеннен кейін сыйақы мөлшерлемесі уақытша өзгертуге дейін қолданылған сыйақы мөлшерлемесі мөлшерінен аспайтын мөлшерде анықталады.

45. Тараптардың келісімі бойынша бекітілген сыйақы мөлшерлемесі БҚКШ -ның әрекет ету мерзімі ішінде сыйақының құбылмалы мөлшеріне өзгертіле алады.
46. Сыйақының құбылмалы мөлшерлемесі базалық көрсеткіш пен Банктің пайыздық спрэді мөлшерлемесінің сомасы / айырымы ретінде анықталады.
47. Тараптардың келісімі бойынша сыйақының бекітілген мөлшерлемесі БҚКШ -мен анықталған, оның әрекет ету мерзімі өткеннен кейін арту жағына өзгертіле алады, бірақ БҚКШ жасалған күннен бастап үш жылдан ерте емес. Сыйақының бекітілген мөлшерлемесінің арту жағына әрбір кейінгі өзгерісі бекітілген мөлшерлеменің әрекет ету мерзімі аяқталғаннан кейін, тараптардың келісімі бойынша мүмкін болады, бірақ бекітілген сыйақы мөлшерлемесінің алдыңғы өзгертілген күнінен бастап үш жылдан ерте емес.
48. БҚКШ-да сыйақы мөлшерлемесі өкілетті орган анықтаған тәртiппен сәйкес, шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеуде (шынайы құн) көрсетіледі.
49. Қарыздар (несиелер) бойынша сыйақыны есептеу «Bank RBK» АҚ-ның Есептік саясатымен және Банктің операциялары бойынша сыйақыны есептеу әдістемесін жылына 360 (үш жүз алпыс күн) және айына 30 (отыз) күн есебінен реттейтін Банктің басқа ІНҚ-мен сәйкес орындалады. Ломбардтық операцияларды несиелендірген уақытта – жылына 365 (үш жүз алпыс бес) күндер есебінен, қарыздар (несиелер) бойынша – овердрафт және ағымдағы шот бойынша азайтылмайтын қалдық формасындағы қаржылық міндеттеме бойынша сыйақы жылына 365 (үш жүз алпыс бес) күн және айдағы күндердің нақты саны есебінен есептеледі.

6 тарау. Банк қабылдайтын қамтамасыздыққа қойылатын талаптар

50. Банк қабылдайтын қамтамасыздыққа қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, «Bank RBK» АҚ-ның Кепілзаттық саясатымен және Банктің ІНҚ-мен анықталады.
51. Несиелердің (қарыздардың) қайтарымының мүлік кепілдігімен, кепілдемемен, кепілгерлікпен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және қарызды (несиелерді) қамтамасыз ету бойынша сәйкес шарттармен, БҚКШ -мен қарастырылған басқа тәсілдермен қамтамасыз етіледі.
52. Клиенттің бәсекеге қабілеттілігі және сенімділігі жоғары болған уақытта Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен және / немесе Банктің ІНҚ-мен анықталған шектеулерді ескере отырып, қарызды (несиені) қамтамасыздықсыз (бланктік қарыз) ұсыну туралы шешім қабылдауға құқылы.
53. Банктің кепілзатқа қоятын жалпы талаптары:
- кепіл берушінің меншік құқығын және / немесе Банктің ІНҚ-мен қарастырылған талаптармен сәйкес, мүлікке басқа заттық құқықтарын және оның мүліктік құқықтарын растайтын, құқықты анықтайтын және / немесе сәйкестендіретін құжаттардың міндетті болуы. Өшірулері немесе қосып жазулары, сызылған сөздері және келісілмеген немесе олардың түпнұсқалығына күдік туғызатын басқа түзетулері бар құжаттар қабылданбайды;
- 1) Бағалардың жеткілікті тұрақтылығымен және осындай мүлікке қалыптасқан нарық конъюнктурасымен қамтамасыз етілетін өтімділікке ие болуы;
 - 2) Үшінші тұлғалардың құқықтары мен талаптары ауыртпалығынан бос болуы тиіс, банктік өнімдер мен Банктің ӨҚО шешімімен қарастырылған жағдайларды қоспағанда;
 - 3) Кепіл берушіде салықтар және бюджетке басқа міндетті төлемдер бойынша (заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер бойынша – қажет болған уақытта), коммуналдық қызметтер, жалгерлік ақы және кепілзатқа қатысты басқа төлемдерді төлеу бойынша (қажет болған уақытта) берешектің болмауы;
 - 4) Құзыретті органның мемлекет меншігіндегі мүлікті кепілдікке беру туралы шешімі;
 - 5) Кепіл берушінің амандығын және қажетту күтім жасау (сақтау) шарттарын қамтамасыз етуі;

б) «Bank RBK» АҚ Кепілдік саясатымен және Банктің ӨКО анықтаған басқа талаптар немесе шектеулер.

54. Банк үшін қабылданып отырған қамтамасыздықтың орындылығы туралы шешімін әрбір нақты жағдайда Банктің ӨКО қабылдайды.

7 тарау. Металл шоттарды ашу, жүргізу және жабудың жалпы шарттары

55. Банк Жалпы талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын, жасалып отырған аллокирленген металл шот шартының / аллокирленбеген металл шот шартының талаптармен сәйкес, клиенттерге металл шоттарды ашу, жүргізу және жабу бойынша қызметтер ұсынады.

56. Металл шотты ашу металл шоттың әрбір түрі бойынша жеке Банк анықтаған форма бойынша Өтініш негізінде, клиент Қазақстан Республикасының заңнамасы және Банктің ІНҚ талаптарымен қарастырылған құжаттар пакетін ұсынған уақытта жүзеге асырылады.

57. Металл шоттар аллокирленген және аллокирленбегендерге бөлінеді.

58. Банктің металл шоттарды ашу, жүргізу, жабу бойынша қызметтеріне тарифтер осы Ережелерге Қосымшаларда көрсетілген шекті шамалар шегінде анықталады.

59. Банк, клиенттің құқықтық субъектілігіне тәуелді, клиенттен Қазақстан Республикасының заңнамасымен, оның ішінде, Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (ізінд жасыру) және лаңкестіктің қаржыландырылуына қарсы күрес туралы» заңымен және / немесе халықаралық / үкіметаралық келісімдермен қарастырылған қосымша мәліметтер мен құжаттар ұсынуын талап ете алады.

60. Алтынмен операцияларды Банк құнды металлдың химиялық таза салмағының сандық бірліктерінде жүзеге асырады, күміс, платина және палладиймен операциялар – құнды металлдың лигатурлық салмағының сандық бірліктерінде.

61. Банк аллокирленген / аллокирленбеген металл шоттар бойынша операцияларды стандартты және өлшеуіш құймалартүріндегі, монеталар мен аллокирленген металл шот шартымен / аллокирленбеген металл шот шартымен қарастырылған басқа формалардағы аффинирленген құнды металлдармен орындайды.

62. Құнды металлды есепке жатқызу және қайтару есепке жатқызу немесе құнды металлды клиенттің аллокирленген / аллокирленбеген металл шотынан қайтару тапсырмасы негізінде орындалады.

63. Құнды металлды есепке жатқызу туралы тапсырмада болуы тиіс: құнды металлдың түрі, салмағы, бағасы, минималды қалдығы және құнды металлды аллокирленген / аллокирленбеген металл шотқа салу тәртібі.

64. Аффинирленген құнды металлдармен қарыздар аффинирленген құнды металлдарды клиентке физикалық формада жеткізу жолымен немесе аффинирленген құнды металлдарды оның аффинирленген құнды металлдарды кері жеткізу міндеттемесі орнына клиенттің аллокирленбеген металл шоттарына аудару жолымен ұсынылады.

65. Аффинирленген құнды металлдармен қарыз сомасын өтеу аффинирленген құнды металлдарды физикалық жеткізілім формасында немесе аффинирленген құнды металлдарды клиенттің аллокирленбеген металл шоттарынан аудару жолымен жүзеге асырылады.

66. Аллокирленген металл шот шарты бойынша Банк оның күйін сәйкестендіруге мүмкіндік беретін, тапсырылып отырған әрбір құйманың (монетаның) толық сипаттамасы бар аффинирленген құнды металлды физикалық жеткізуді жүзеге асырады.

67. Аллокирленген металл шот шартында Банк орындайтын аллокирленген металл шот бойынша операциялар, аллокирленген шотқа есепке жатқызу шарттары және аллокирленген металл шоттан аффинирленген құнды металлдарды қайтару, сонымен қатар, аффинирленген құнды металлдарды сақтаумен және аллокирленген металл шотты жүргізумен байланысты сыйақыларды (мүддені) төлеу мөлшерлері мен тәртібі анықталады.

68. Аллокирленген металл шот шарты бойынша Банк клиентке қызметтердің келесі түрлерін ұсынады:

- 1) Аффинирленген құнды металлдарды аллокирленген металл шотқа қабылдау және есепке жатқызу;
- 2) Аффинирленген құнды металлдарды олардың жеке белгілерін сақтай отырып, аллокирленген металл шотта сақтау;
- 3) Аффинирленген құнды металлдарды аллокирленген металл шоттан аллокирленбеген металл шотқа және керісінде аудару;
- 4) аллокирленген металл шотқа есепке жатқызылған аффинирленген құнды металлдар кепілдігіне ұлттық валютадағы– теңгемен және шетелдік валютадақарыздар ұсыну;
- 5) аллокирленген металл шотты жабу;
- 6) аллокирленген металл шотқа есепке жатқызылған аффинирленген құнды металлдарды аллокирленген металл шот шартымен сәйкес қайтару;
- 7) аллокирленген металл шот шартымен сәйкес басқа операциялар.

69. Аллокирленген металл шоттардағы аффинирленген құнды металлдарды есепке алу және олар бойынша операциялар өткізу үшін келесі жеке белгілер пайдаланылады:

- 1) құймалар үшін:
 - Құйманың сериялық нөмірі
 - Өндіруші-кәсіпорынның тауарлық белгісі
 - Лигатурлық салмағы (граммен және (немесе) троялық унциялармен)
 - Негізгі металлдың химиялық таза салмағы (граммен және (немесе) троялық унциялармен)
- 2) монеталар үшін
 - сынамасы
 - металл түрі
 - Лигатурлық салмағы (граммен және (немесе) троялық унциялармен)
 - Негізгі металлдың химиялық таза салмағы (граммен және (немесе) троялық унциялармен)
 - Сынамасы
 - Монета номиналы
 - Болған уақытта соғылған жылы

70. Банк клиенттен физикалық формада аллокирленген металл шоттарға қабылдаған аффинирленген құнды металлдар, Банктің меншігі болып табылмайды және Банк өзінің атынан және өзінің есебінен операциялар жүзеге асыру үшін орналастырмайды.

71. Аллокирленбеген металл шот шартында аллокирленбеген металл шот бойынша өткізілетін операциялар, аллокирленбеген металл шотқа есепке жатқызу шарттары және аллокирленбеген металл шоттан аффинирленген құнды металлдарды қайтару, сонымен қатар, аллокирленбеген металл шотты жүргізумен байланысты сыйақылар (мүдде) мөлшері мен төлеу тәртібі анықталады.

72. Аллокирленбеген металл шоттар келесілерге бөлінеді:

- 1) талап етілгенге дейінгі шоттар, олар кезінде құнды металлдарды сақтау мерзімі шектелмеген;
- 2) мерзімді шоттар, олар кезінде аллокирленбеген металл шот шартында құнды металлдарды қайтару мерзімі анықталады;
- 3) клиентке құнды металлдармен берілген қарыздарды есепке алу шоттары.

73. Аллокирленбеген металл шот шарты бойынша Банк клиентке қызметтердің келесі түрлерін ұсынады:

- 1) Аффинирленген құнды металлдарды аллокирленбеген металл шотқа есепке жатқызу;
- 2) Аффинирленген құнды металлдармен қарыз ұсыну;

- 3) Аффинирленген құнды металлдарды аллокирленбеген металл шоттан есептен шығару;
 - 4) Аллокирленбеген металл шотты жабу;
 - 5) Аллокирленбеген металл шот шартымен сәйкес басқа операциялар.
74. Аффинирленген құнды металлдарды аллокирленбеген металл шоттарға қабылдау және орналастыру келесі жолмен жүзеге асырылады:
- 1) Басқа аллокирленбеген металл шоттардан аффинирленген құнды металлдарды аудару;
 - 2) Оларды физикалық жеткізу кезіндегі аффинирленген құнды металлдарды аллокирленбеген металл шоттарға есепке жатқызулар;
 - 3) Клиентке сатылған немесе Банк сатып алған аффинирленген құнды металлдарды есепке жатқызулар;
75. Аллокирленбеген металл шотқа есептелетін пайыздар, комиссиялық алымдар және аллокирленбеген металл шотты жүргізумен байланысты басқа сыйақылар (мүдде), аллокирленбеген металл шот шартына сәйкес төленеді.
76. Банктің металл шоттарды ашу, жүргізу және жабуының басқа шарттары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, Банктің ІНҚ талаптарымен, сонымен қатар, металл шот шартының талаптарымен анықталады.

8 тарау. Өзге де операцияларды жүргізудің жалпы шарттары

77. Барлық банк операциялары Банк пен клиент арасында жасалатын тиісті шарттар (қажет болған жағдайда) негізінде Қазақстан Республикасының және Банктің ІНҚ заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.
78. Банк операцияларды жүргізгені үшін клиенттерден Банктің уәкілетті органы бекіткен қолданыстағы тарифтерге сәйкес комиссия алады. Банктің Директорлар Кеңесі бекіткен мөлшерлемелер мен тарифтердің (төменгі және жоғарғы шекаралар) шекті шамалары шеңберінде банктің уәкілетті алқалы органының/уәкілетті тұлғасының шешімі бойынша клиентке арнайы тарифтер белгіленуі мүмкін.

§ 1. Сейфтік операциялар

79. Банк клиенттерге сейфтік депозитарий қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасының, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің және Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес ұсынады.
80. Банк жасасылған шарттардың талаптарына сәйкес клиенттерге сейфтік депозитарий бойынша қызмет көрсетеді.
81. Клиентпен шарт жасасу алдында Банк Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңында және Банктің ІНҚ-да көзделген тиісті тексеру бойынша шаралар қабылдайды.

§ 2. Бағалы қағаздар нарығындағы қызмет

82. Банк уәкілетті орган берген лицензия негізінде бағалы қағаздар нарығында номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және дилерлік қызметті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі талап етілетін рейтингтен төмен емес шетел валютасындағы тәуелсіз ұзақ мерзімді рейтингі бар елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен жүзеге асырады.
83. Банктің брокерлік қызметі Банк пен клиент арасында номиналды ұстаумен брокерлік қызметтер көрсету туралы жасалған шарт негізінде жүзеге асырылады.
84. Брокерлік қызмет аясында Банк клиенттерге келесі қызмет түрлерін көрсетеді:
- 1) бағалы қағаздарды номиналды ұстау бойынша қызметтер;
 - 2) мемлекеттік бағалы қағаздарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төмен талап етілетін рейтингтен төмен емес шетел

валютасындағы тәуелсіз ұзақ мерзімді рейтингі бар елдердің бағалы қағаздарын сатып алу/сату бойынша.

85. Банк бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметті уәкілетті орган берген лицензия негізінде жүзеге асырады.

86. Банктің кастодиандық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына, кастодиандық шартқа және Банктің ІНҚ-на сәйкес жүзеге асырылады.

87. Банк Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес онымен үлестес тұлғаларға кастодиандық қызметтер көрсетпейді.

88. Кастодиандық қызмет шеңберінде Банк клиенттерге келесі қызмет түрлерін көрсетеді:

1) кастодиандық қызмет көрсетуге берілген ақшаға, бағалы қағаздарға және өзге де активтерге қатысты клиентке шоттар ашу;

2) кастодиандық қызмет көрсетуге берілген ақшаны, бағалы қағаздарды және өзге де активтерді есепке алуды және сақтауды қамтамасыз ету;

3) номиналды ұстауды жүзеге асыру;

4) кастодиандық қызмет көрсетуге берілген эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша төлем агентінің функцияларын орындау;

5) клиенттердің бұйрықтары негізінде бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу және олардың осы бағалы қағаздар бойынша құқықтарын растау;

6) кастодиандық қызмет көрсетуге берілген бағалы қағаздар мен өзге де активтер бойынша кірістер алу және оларды клиенттердің шоттарына есептеу;

7) меншікті активтерге қатысты клиенттердің активтерін оқшау сақтауды және есепке алуды қамтамасыз ету;

8) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес клиенттердің эмиссиялық бағалы қағаздарының және өзге де активтерінің шоттарын жүргізу және оларды есепке алу технологиясын сақтау;

9) клиенттердің активтерімен мәмілелердің орындалуын, оның ішінде ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін, инвестициялық қорлар активтерін және арнайы қаржы компаниясы активтерін:

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен;

- инвестициялық декларациямен (зейнетақы активтері мен акционерлік инвестициялық қорлардың активтеріне қатысты);

- зейнетақы ережелерімен;

- инвестициялық пай қорларының ережелерімен;

- кастодиан клиентінің активтеріне қатысты инвестициялық қызметті шектеуге бағытталған, уәкілетті орган қолданған шектеулі ықпал ету шараларымен немесе ерте ден қою шараларымен белгіленген талаптарға сәйкес нысаналы орналастыруды (пайдалануды) бақылау;

10) тұрақты негізде және клиенттердің талабы бойынша олардың шоттарының жай-күйі туралы есептілікті ұсыну;

11) клиенттердің кастодиандық қызметке берілген активтері туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету;

12) эмитенттердің, орталық депозитарийдің және жаһандық кастодианның тапсырмасы бойынша клиентке ақпарат беру;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті орган сұратқан ақпаратты ұсыну;

14) құжаттамалық нысанда шығарылған құжаттамалық бағалы қағаздарды және өзге де қаржы құралдарын сақтау;

15) кастодиандық шарттың талаптарын, сондай-ақ клиенттердің бұйрықтарын олардың мазмұнына сәйкес орындау;

16) клиенттерге кастодиандық шартта көзделген өзге де қызметтерді ұсыну.

89. Банк клиентпен Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді

қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңында және Банктің ІНҚ-да көзделген тиісті тексеру жөніндегі шаралар қабылданғаннан кейін бағалы қағаздар нарығында қызметтер көрсетуге шарт жасасады.

9 тарау. Банктік операциялар / қызметтер өткізуге мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті шамалары

90. Банктік операциялар өткізуі үшін Банк клиенттерден Банк Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын ескере отырып, олардың шамасы осы Ережелерге сәйкес қосымшаларда көрсетілген, мөлшерлемелер мен тарифтердің (төменгі және жоғарғы шектері) шекті шамалары шегінде, өз бетімен анықтайтын мөлшерлемелер мен тарифтермен сәйкес комиссия және сыйақы алады.

91. Брокерлік қызметтер көрсеткені үшін Банк клиенттерден осы Ережелерге сәйкес қосымшада көрсетілген тарифтермен сәйкес комиссия алады.

92. Банктік өнімдерге (қызметтерге) баға белгіленімін анықтау және тарифтерді анықтау тәртібі «Bank RBK» АҚ-ның Тарифтік саясатымен анықталады.

93. Банктік қызметтер үшін стандартты мөлшерлемелер мен тарифтер бойынша өзекті ақпаратты, қолданыстағы мөлшерлемелер мен тарифтерге өзгертулердің бекітілген және енгізілген күндері, Банктің ІНҚ (Банктің ІНҚ нөмірі туралы ақпаратты көрсете отырып) және оларды бекіткен (қабылдаған) орган туралы мәліметтерді көрсете отырып, Банк Банктің www.bankrbk.kz корпоративтік интернет-ресурсына, сонымен қатар, филиалдардың жайларына (көру және танысу үшін қолжетімді жерге) орналастырады.

94. Банктің клиентке оның тапсырмасы бойынша банктік қызметтер көрсетумен байланысты барлық пошталық, телеграфтық, телекстік, телефондық және басқа шығындары, қосымша нақты құны бойынша алынады, егер Банктің тарифтерімен басқасы анықталмаған болса. Банктің үшінші банктерге ((корреспондент-банктерге) клиенттердің шетелдік валютадағы (OUR комиссиясы) банктік операцияларды өткізу туралы тапсырмаларын орындау бойынша шығындарын өтеуі осындай шығындардың нақты құны бойынша жүзеге асырылады.

95. Банк өндірген сыйақы клиент тапсырманың күшін жойған (қайтарған) жағдайда қайтаруға жатпайды.

96. Банктің тарифтеріндегі өзгерістер туралы кез-келген хабарламалар осындай хабарламалар Банктің www.bankrbk.kz корпоративтік интернет-ресурсына орналастырылып, клиентке хабарлама (осындай хабарламаны алғандығы туралы растау талап етілмейді) түрінде немесе бұқаралық ақпара құралдары арқылы жіберілген уақытта жазбаша түрде рәсімделген және клиент алған болып есептеледі.

97. Клиент Банктің қызметтерін төлеуге, сонымен қатар, Банк ол клиенттің нұсқауларын / өкімдерін орындаумен байланысты жүктеген барлық шығындарын Банк сәйкес қызметті көрсету күні қолданылған Банктің тарифтерімен қарастырылған мөлшерлерде және шарттар негізінде өтеп беруге кепілдік береді. Банктің қызметтерін төлеу банктік деректемелер бойынша қолма-қол ақшасыз аудару арқылы, немесе Банктің кассасы арқылы қолма-қол ақшамен немесе БҚКШ-мен сәйкес клиенттің Банктегі банк шоттарын тікелей дебеттеу арқылы орындалады.

10 тарау. Банктік қызметтерді ұсыну туралы шешім қабылдаудың шекті мерзімдері және банктік қызметтер ұсыну тәртібі

98. Өтінішті қараудың және банктік қызметтердің әрбір түрі бойынша (өтініш тапсыру қажеттілігі кезінде) банктік қызметтерді ұсыну туралы шешім қабылдаудың шекті мерзімдері осы Ережелерге қажетті қосымшада анықталады.

99. Клиенттің банктік қызметті ұсыну туралы Өтініші бойынша шешім қабылдау шарты клиенттің Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің ІНҚ-мен қарастырылған құжаттардың толық пакетін ұсынуы, сонымен қатар, дербес деректерді

жинауға, өндеуге келісімі болып табылады. Банк клиенттен банктік операцияны өткізу үшін қосымша мәліметтер, түсініктемелер немесе растаушы құжаттар сұрауға құқылы.

100. Банк қабылдаған Өтініш осы Өтініште және оған қосымшаларда келтірілген ақпарат Банктің клиент сұраған банктік қызметті көрсету туралы шешім қабылдауы үшін жеткілікті болған уақытта қарастырылады.

101. Жеке тұлға болып табылатын клиентпен банктік операция өткізудің міндетті шарты оның дербес деректер субъектісі ретінде Банкке, сонымен қатар, операцияларды өткізуге / әрекеттерді жүзеге асыруға / кез-келген мәмілелерді жасасуға және / немесе дербес деректер субъектісі мен Банк арасында жасалған (жасалуы ықтимал) мәмілелерді орындауға қатысы бар және (немесе) болуы мүмкін үшінші тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкес дербес деректер субъектісінің дербес деректеріне қатысты мәліметтерді, ақпаратты және құжаттарды жинауға, жинақтауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға, жеке биліктен айыруға, блоктауға және жоюға жазбаша түрде ұсынылған сөзсіз келісімінің болуы болып табылады.

102. Дербес деректер тізімі келесілерді құрайды:

- 1) клиенттің және / немесе үшінші тұлғалардың құқықтық мәртебесі туралы мәліметтер;
- 2) клиенттің және / немесе үшінші тұлғалардың мүлік құрамы туралы мәліметтер;
- 3) клиенттің және / немесе үшінші тұлғалардың қаржылық жағдайы туралы мәліметтер.

103. Банк қылыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (ізін жасыруға) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы күресу бойынша талаптарды сақтайды, және клиенттер орындайтын операцияларға Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарынан туындайтын белгілі талаптар, тыйымдар мен шектеулер енгізуге құқылы.

104. Банкке кез-келген тәсілмен төлемді / ақшаны аудару / кассалық операцияларды орындау туралы нұсқау ұсына отырып (оның ішінде, төлем карточкасын немесе төлем карточкасы деректемелерін, өзінің банк шотын пайдалана отырып немесе пайдаланусыз ақшаны аударуды жүзеге асыру үшін төлем құжатын пайдалана отырып), клиент өзінің осы Ережелер туралы хабардар екендігін растайды даусыз және қайтарылмайтын, келесімен өзінің сөзсіз келісімін білдіреді:

1) Банкке төлемді және / немесе ақшаны аударуды орындау туралы өтініш тапсыра отырып, клиент өзінің атынан немесе өкілетті өкіл ретінде әрекет ете отырып, Банкке сәйкес банк-корреспондентке, төлем жүйесі операторына клиент нұсқауын орындау мақсаттарында заңмен қорғалатын банктік құпияны (яғни Банкте бар, клиентке банктік қызмет көрсетумен байланысты) ашу құқығын ұсынады;

2) Банктен Банкте жоқ, бірақ ақша аударымын аяқтау үшін корреспондент-банкке, төлем жүйесі операторына ұсыну талап етілетін мәліметтерді, түсініктемелерді немесе құжаттарды ұсыну туралы сұраныс келіп түскен жағдайда, клиент осындай мәліметтерді, түсініктемелерді немесе құжаттарды Банкті қанағаттандыратын сапада, көлемде және осындай сұраныста анықталған мерзімдерде ұсынуға міндеттенеді;

3) Клиент Банк сұраған мәліметтерді, түсініктемелерді немесе құжаттарды ұсынбаған жағдайда, клиент осымен байланысты барлық мүмкін тәуекелдіктерді өзінің мойнына қабылдайды, ал Банк ақша аударымын аяқтау мүмкінсіздігі үшін жауапкершілік жүктемейді және осымен байланысты орын алған кез-келген тікелей немесе жанама (оның ішінде шынайы залал және уыстан шығарылған пайда) шығындарды өтеп бермейді;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкес дербес деректер субъектісінің дербес деректеріне қатысты мәліметтерді, ақпаратты және құжаттарды жинау, жинақтау, сақтау, өзгерту, толықтыру, пайдалану, тарату, жеке биліктен айыру, блоктау және жоюға сөзсіз келісім.

105. Клиенттердің валюталық операцияларын жүзеге асырған уақытта Банк, валюталық бақылау агенті ретінде, Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасымен сәйкес міндетті болып табылатын валюталық бақылау процедурасы өткізіледі. Операцияларды

өткізген уақытта клиенттер Банкке валюталық операцияны өткізумен байланысты құжаттарды ұсынуға міндетті. Клиент Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасын бұзған уақытта, Банк бұл туралы валюталық бақылау органдарына хабарлауға міндетті.

106. Қазақстан Республикасының бейрезиденттері болып табылатын клиенттермен банктік операцияларды жасаған (мәмілелер жасасқан) уақытта, Банк Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасын, сонымен қатар, жалпы қабылданған (жүйеленген) халықаралық ережелер мен дәстүрлерді, Қазақстан Республикасы клиенттің қызметі оның юрисдикциясына қатысты мемлекетпен қол қойған халықаралық шарттар ережелерін басшылыққа алады.

107. Банктік қызметті ұсынған уақытта Банк:

1) Банктік қызмет көрсету туралы шарт жасалғанға дейін клиентке ұсынады:

– мөлшерлемелер мен тарифтер, қосылу туралы өтініш бойынша шешім қабылдау мерзімдері туралы ақпаратты;

– БҚКШ, аллокирленген және / немесе аллокирленбеген металл шоты шарттары жасалғанға дейін клиентке банктік қызметті ұсыну шарттары туралы ақпаратты және БҚКШ, аллокирленген / аллокирленбеген металл шот шарттарын жасасу үшін қажетті құжаттар тізімін ұсынады;

– БҚКШ, аллокирленген және / немесе аллокирленбеген металл шот шарттары бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайдағы клиенттің жауапкершілігі және ықтимал тәуекелдіктері туралы ақпаратты;

– клиентте туындаған сұрақтар жөніндегі кеңестер;

– клиенттің қалауы бойынша – БҚКШ шарты, аллокирленген және / немесе аллокирленбеген металл шот шарттары;

2) осы Ережелермен анықталған мерзімдерде клиенттің Өтінішін қарайды;

3) БҚКШ шарты, аллокирленген және / немесе аллокирленбеген металл шот шарттары жасалғанға дейін клиентке оның шарттарымен танысу үшін қажетті уақыт береді;

4) Клиентке алынып отырған банктік қызмет бойынша даулы жағдайлар орын алған уақытта оның Банкке, банктік омбудсманға (ипотекалық қарыздар бойынша), өкілетті органға немесе сотқа жүгіну құқығы туралы ақпараттандырады. Осы мақсаттарда клиентке Банктің, банктік омбудсман және өкілетті органның орналасқан жері, пошталық, электронды мекенжайлары және корпоративтік www.bankrbk.kz интернет-ресурсы туралы ақпарат ұсынылады;

5) Клиент ұсынған ақпараттың құпиялығы қамтамасыз етіледі.

108. Банктік қызметтер көрсетілген уақытта Банк клиентпен әрекеттесу мақсаттарында басқа іс-шаралар / әрекеттерді жүзеге асырады, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережелермен және Банктің басқа ІНҚ-мен қарастырылған талаптарды орындайды.

109. Банк БҚКШ шарты жасалғанға дейін, осы Ережелердің 107 т. көрсетілген мәліметтер мен құжаттармен қатар, клиентке ауызша формада немесе ҚБҚКЖ арқылы салымдар (депозиттер) бойынша келесі ақпаратты ұсынады:

1) Салымның (депозиттің) түрі (талап етілгенге дейінгі, мерзімді, шартты);

2) Салым (депозит) мерзімі (болған уақытта);

3) Салымның (депозиттің) минималды сомасы;

4) Сыйақы мөлшерлемелері, оның ішінде клиент жүгінген күнгі шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесін;

5) Қосымша келісім жасаусыз салым (депозит) мерзімін ұзарту шарттары (болған уақытта); салымды (депозитті) толықтыру, капиталдау мүмкіндігі;

6) Салымды (депозитті) толық немесе ішінара мерзімінен бұрын алу шарттары;

7) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен анықталған кепілдендірілген салымдар (депозиттер) бойынша кепілдендірілген өтеу мөлшері.

110. Сыйақы мөлшерлемесі қосымша келісім жасаусыз БҚКШ шарттарымен сәйкес салым (депозит) мерзімі ұзартылған уақытта азаю жағына өзгерген жағдайда, Банк клиентке

сыйақы мөлшерлемесі көлемінің азайғандығы туралы БҚКШ-да көретілген тәсілмен, салым (депозит) мерзімі аяқталғанға дейін хабарлайды.

111. Клиентпен БҚКШ жасалғанға дейін, осы Ережелерде қарастырылған мәліметтер мен құжаттармен қатар, Банк аталмыш клиентке жазбаша формада немесе ҚБҚКЖ арқылы қарыздар (кредиттер) бойынша қосымша келесі ақпаратты ұсынады:

- 1) қарыздың (несиенің) ұсынылған мерзімі;
- 2) қарыздың (несиенің) шекті сомасы мен валютасын;
- 3) жылдық пайызбен қарыз (несие) бойынша сыйақы мөлшерлемесінің түрі (бекітілген немесе құбылмалы) және мөлшері, оның ішінде шынайы, жылдық, тиімді, салымтырмалы есептеуде (төлемдер кестесі бойынша қарызды (несиені) өтеудің ақырғы мерзімі күнгі ақшаның нақты құны туралы), қарыз (несие) бойынша сыйақының құбылмалы мөлшерлемесін есептеу тәртібі туралы;

- 4) ол қарызды (несиені) ұсынумен, қызмет көрсетумен және өтеумен байланысты қолданатын, тарифтер, комиссиялар мен Банк пайдасына басқа төлемдердің (ұсталымдар) ақырғы тізімі мен мөлшерлері туралы;

- 5) БҚКШ бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайдағы клиенттің жауапкершілігі және тәуекелдіктері;

- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің ІНҚ-мен, БҚКШ талаптарымен рұқсат етілген, Банктің БҚКШ талаптарын біржақты өзгерту жағдайлары;

- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Банктің ІНҚ-мен және БҚКШ талаптарымен рұқсат етілетін, Банктің БҚКШ шегінде жаңа қарыздар (несиелер) беруді тоқтату жағдайлары;

- 8) Қарызды (несиені) қамтамасыз ету туралы шарт тарабы болып табылатын, кепіл беруші, кепілгер және басқа тұлғаның жауапкершілігі;

- 9) Даулы сұрақтар бойынша шағымдар мен өтініштер бойынша азаматтарды қабылдау кестесі туралы ақпаратты ұсына отырып, Клиенттің алынып отырған банктік қызмет бойынша даулы жағдайлар орын алған уақытта Банкке, Банктің өкілетті тұлғасына, сонымен қатар, банктік омбудсменге (ипотекалық қарыздар (несиелер) бойынша), өкілетті органға немесе сотқа жүгіну құқығы туралы.

112. Банк сәйкес шешімді қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күніне дейінгі мерзімде клиентке қарызды (несиені) беру немесе осы Ережелердің 11 тарауымен қарастырылған тәртіппен, бас тарту себептерін көрсете отырып, беруден бас тарту туралы ақпараттандырады.

113. БҚКШ-на қызмет көрсету кезеңінде Банк клиенттің (қарыз алушының) немесе кепіл берушінің (Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған, банктік құпияны таратуға қойылатын талаптарды сақтай отырып) сұрауы бойынша сұрау алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған жазбаша формада келесілер туралы мәліметтерді ұсынады:

- 1) Банкке төленген ақша сомасы;
- 2) Мерзімі өткен берешек мөлшері (болған уақытта);
- 3) Борыш қалдығы;
- 4) Кезекті төлемдер мөлшерлері мен мерзімдері;
- 5) Несиелендіру лимиті (болған уақытта).

114. Клиенттің өтініші бойынша Банк 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ақысыз, айына 1 (бір) реттен жиі емес, клиенттің (қарыз алушының) банктік қарыз шарты бойынша берешекті өтеу есебіне келіп түсетін ақшасын үлестіру туралы ақпаратты жазбаша формада ұсынады.

115. Клиенттің Банкке БҚКШ бойынша ұсынылған ақшаны мерзімінен бұрын ішінара немесе толық қайтару туралы өтініші бойынша Банк ақысыз түрде 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жазбаша формада оған қайтаруға жататын сома мөлшері туралы хабарлайды.

116. Клиенттің өтініші бойынша қарыз (несие) бойынша берешек толық өтелгеннен кейін Банк ақысыз түрде, өтініш алынған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жазбаша формада берешектің жоқтығы туралы анықтама ұсынады.

117. Егер БҚКШ-мен қарастырылған болса, Банк кезеңдік негізде клиентке осы Ережелермен қарастырылған мәліметтерді БҚКШ-мен қарастырылған тәсілмен ұсынады. Көрсетілген мәліметтер Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған шарттар мен банктік құпияны жариялау тәртібін сақтай отырып ұсынылады.

118. Клиент сұраған мәліметер негізгі борыш, сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық айыбын және айыппұлдық санкциялардың басқа түрлерін, сонымен қатар, басқа төлеуге жататын сомаларды көрсете отырып ұсынылады.

119. Қарыз алушы Банкке БҚҚ (банктік қарыз шарты) талаптарына өзгерістер енгізу туралы жазбаша өтінішпен жүгінген жағдайда, Банк Қарыз алушының жазбаша өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Қарыз алушы ұсынған БҚҚ (банктік қарыз шарты) өзгерістерді қарайды және қарыз алушыға Банктер туралы Заңның 36-бабының 1-2-тармағында көрсетілген шешімдердің бірін жазбаша нысанда хабарлайды. Қарыз алушының ұсыныстарын Банктің ҚҚКА қарайды. Қарыз алушының БҚҰ (банктік қарыз шартының) ұсынылған өзгерістеріне жауап беру мерзімі Банктің хатында көрсетіледі және Банктің жазбаша шешімі жіберілген күннен кейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күнді құрайды.

120. Банк төлемге қабілетсіз клиенттермен жұмысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Банктің ІНҚ, клиентпен жасалған ҚБҚ талаптарында көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

Негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыз алушы–жеке тұлға Банкке оңалту рәсімін жүргізу туралы өтінішпен жүгінген жағдайда, Банк Қарыз алушының - жеке тұлғаның оңалту рәсімін жүргізу туралы өтінішін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде қарайды. Қарыз алушы - жеке тұлғаның өтінішін құзыретіне осы өтініштерді қарау кіретін Банктің ҚҚКА қарайды.

Оңалту жоспарын іске асыру кезеңінде Банк Банктер туралы Заңның 36-бабының 2 және 2-1-тармақтарында көзделген шараларды жүзеге асырмайды (шаралардың жүзеге асырылуын тоқтата тұрады).

Банктің банктер туралы Заңның 36 - бабының 2 және 2-1-тармақтарында көзделген шараларды қолдануды қайта бастауы қарыз алушы-жеке тұлға оңалту жоспарын орындамаған жағдайда жүзеге асырылады.

Қарыз алушы - жеке тұлға оңалту рәсімін жүргізу туралы өтінішпен бес жыл ішінде бір рет жүгінеді. Банктің қарыз алушы - жеке тұлғаға оңалту жоспарын одан өтініш алмастан ұсынуына жол беріледі.

121. Егер БҚКШ-мен Банктің үшінші тұлғаға БҚКШ (талап ету құқығын шегіну шарты) бойынша құқықты (талапты) беру құқығы қарастырылған болса, Банк:

1) Талап ету құқығын шегіну шарты жасалғанға дейін қарыз алушыға (немесе оның өкілетті өкіліне) құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сонымен қатар, БҚКШ-да қарастырылған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен, осындай шегінумен байланысты қарыз алушының дербес деректерін өңдеу туралы хабарлайды;

2) Қарыз алушыға (немесе оның өкілетті өкіліне) орын алған құқықтың (талаптың) БҚКШ-да қарастырылған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен үшінші тұлғаға өтуі туралы, үшінші тұлғаға (БҚКШ бойынша құқық (талап) өткен тұлғаның атауы мен орналасқан жері) қарызды (несиені) өтеу бойынша болашақ төлемдер тағайындалымын, берілген құқықтардың (талаптардың) толық көлемін, сонымен қатар, негізгі борыш, сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық айыптары (айыппұл, өсімпұл) және төлеуге жататын басқа сомалардың мерзімі өткізілген және ағымдағы сомалары қалдықтарын көрсете отырып, талап ету құқығын шегіну шарты жасалған күннен

бастап 30 (отыз) күнтізбелік күндер ішінде хабарлайды, егер БҚКШ-да басқа аз мерзім қарастырылмаған болса.

11 тарау. Банктік қызметтерді көрсету процессінде орын алатын клиенттер жүгінімдерін қарау тәртібі

122. Банктің клиенттердің өтініштерін қарауы, оларды талдау және қарауды бақылау Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Қағидаларда және Банктің ІНҚ-да белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

123. Банк клиенттердің өзі әкелген, пошталық байланыспен, қатынау электронды поштаға, ҚБҚКЖ және www.bankrbk.kz Банктің корпоративтік интернет-ресурсына келіп түскен жазбаша жүгінімдерімен, сонымен қатар, қатынау телефоны арқылы және клиенттің тікелей Банкке келуі кезінде келіп түскен клиенттендің ауызша жүгінімдерімен жұмыс істейді.

124. Банктің бас кеңсесіндегі және Банктің филиалдарындағы өкілетті тұлғалар айына кем дегенде бір рет Банктің Басқарма Төрағасы, филиал директоры (филиалда) бекіткен және Банктің www.bankrbk.kz корпоративтік интернет-ресурсында және Банк жайларында көру үшін қолжетімді жерге орналастырылған қабылдау кестесіне сәйкес клиенттерді жеке қабылдауды орындайды. Қабылдау жұмыс орыны бойынша анықталған және клиенттер және бақа тұлғалар назарына жеткізілген күндер және сағаттарда орындалады. Егер өтінішті Банктің уәкілетті адамы қабылдау кезінде шеше алмаса, оны клиент жазбаша нысанда баяндайды және онымен жазбаша өтініш ретінде жұмыс жүргізіледі.

125. Клиенттердің электронды құжат формасында поштамен келіп түскен немесе өздері әкелген жазбаша жүгімдер, клиенттердің жүгінімдерін қарау тәртібін анықтайтын Банктің ІНҚ-мен сәйкес қабылдау, тіркеу, есепке алу және қарауға жатады.

126. Тікелей Банкке жазбаша жүгініммен жүгінген клиентке кеңсе бөлімшесі оның қағаз тасымалдағыштағы жазбаша жүгінімінің қабылданғандығын растайтын құжат беріледі, немесе Банктің ІНҚ-мен анықталған тәртіппен, жүгінім көшірмесіне сәйкес белгі қойылады.

127. Қатынау телефонына келіп түскен клиенттердің ауызша жүгінімдерін Банктің ІНҚ-мен сәйкес Contact center бөлімшесі тіркейді. Клиентпен телефон сөйлесулерін жазу сөйлесу басында бұл туралы клиентке сәйкес хабарландырудан кейін сөйлесу жалғасқан жағдайда оның келісімімен орындалады.

128. Клиенттің ауызша жүгініміне жауап ауызша формада ұсынылады. Егер ауызша жүгінімді дереу шешу мүмкін емес болса, оны клиент жазбаша формада мазмұндайды және онымен жазбаша жүгінім тәрізді жұмыс орындалады. Клиентке жауапты алу үшін қажетті процедуралар және осындай жүгінімдердің қаралу мерзімдері туралы ақпараттандырылады.

129. Банк жүгінімді қараған уақытта ұсынылған ақпарат жеткіліксіз болған жағдайда клиенттен қосымша құжаттар және мәліметтер сұрайды. Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Банктің ІНҚ-мен және осы Ережелермен қарастырылмаған құжаттарды сұрауға тыйым салынады.

130. Банк жүгінімдердің объективті, жан-жақты және уақтылы қарауын қамтамасыз етеді, клиенттерге олардың жүгінімдерінің қаралу нәтижелері және қабылданған шаралар туралы ақпараттандырады, мәлімдеушілерге олардың жүгінімдерінің қарау үшін басқа субъектілерге немесе олардың құзыретімен сәйкес лауазымды тұлғаларға жіберілгендігі туралы хабарлайды. Жүгінімді қарау нәтижелері туралы жазбаша жауап мемлекеттік тілде немесе жүгінім тілінде ұсынылады және клиент мазмұндаған әрбір өтінім, талап, ходатайство, ұсынысқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің ІНҚ-на, қаралып отырған сұраққа қатысы бар шарттарға, сонымен қатар, оның қабылданған шешімге шағымдану құқығын түсіндіре отырып, қаралып отырған сұрақтың нақты жағдайларына сілтеме жасай отырып, негізді және дәлелді тұжырымнан тұрады.

131. Клиент негізгі және заңға сай жүгінген жағдайда, Банк бұзушылықты жою және клиенттің құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру туралы шешім қабылдайды.

132. Клиентке пошта байланысы немесе қолма-қол келіп түскен оның жазбаша өтінішіне жауапты беру өтініште көрсетілген мекенжай бойынша хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы немесе клиент банкке келген кезде қолын қойғызып, жеке қолына тапсыру арқылы жүргізіледі, бұл туралы жазбаша өтініштерді тіркеу журналына белгі қойылады.

133. Банк өтініштерді қарау мерзімдері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, клиенттің өтінішіне жауапты Банк оны тіркеген күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде береді. Өтінішті қарау үшін үшінші тұлғалардан өтініш бойынша қосымша ақпарат алу талап етілген не Банк тарапынан қосымша зерделеу және тексеру жүргізу қажет болған жағдайларда, клиенттің өтінішіне жауап клиентке жазбаша өтінішті қарау мерзімін ұзарту туралы банкке хабарлама жіберілген күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде беріледі, ол хабарлама өтінішке жауап беру мерзімі өткенге дейін жіберілуге тиіс, не банктің уәкілетті тұлғасының Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін шешімі бойынша басқа.

134. Бір тұлғаның мүддесінде бірдей сұрақ бойынша бірнеше жүгінімдер келіп түскен уақытта, бірінші жүгінім негізгі жүгінім ретінде тіркеледі, ал кейінгілері негізгі жүгінімге біріктіріледі және клиентке бірінші жүгінім келіп түскен күннен бастап есептелетін олардың анықталған мерзім шегінде шешілу нәтижелері туралы хабарлай отырып, бір жүгінім ретінде қаралады.

135. Банктің www.bankrbk.kz корпоративтік интернет-ресурсына келіп түсетін жүгінімдер Банктің ІНҚ-мен қарастырылған тәртіппен тіреледі.

136. Клиенттердің банктік қызмет көрсетуді ұсыну туралы, диспуттық жағдай туралы және төлем карточкаларына қызмет көрсетумен байланысты транзакциялар бойынша өтініштері мен жүгінімдерін қарау тәртібі мен мерзімдері, Банктің сәйкес ІНҚ-мен, БҚКШ-мен тіркеледі.

137. Қарауға жатпайтын жүгінімдер:

1) Ол бойынша авторлықты анықтау мүмкін емес анонимді жүгінім, қолтаңб жоқ, оның ішінде, электронды-сандық қолтаңба, клиенттің пошталық адресі. Егер анонимді жүгінімде дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстар немесе мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздігіне қауіп туралы мәліметтер бар болса, осындай жүгінім олардың құзыретімен сәйкес дереу мемлекеттік органдарға жіберуге жатады;

2) Онда сұрақ мазмұны айтылмаған жүгінім.

12 тарау. Банктің және оның клиенттерінің құқықтары және міндеттері, олардың жауапкершілігі

138. Банк пен оның клиенттерінің құқықтары мен міндеттері, сонымен қатар, олардың жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережелермен және/немесе Банк пен клиенттер арасында жасалған БҚКШ-мен, аллокирленген / аллокирленбеген металл шот шартымен анықталады.

139. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкес банктік құпияға жататын ақпаратты жарияламау бойынша талаптардың сақталатындығына кепілдік береді.

140. Банк пен клиент жасалған БҚКШ, аллокирленген / аллокирленбеген металл шот шартының талаптарын сақтауға, олардың талаптарымен оларға жүктелген міндеттерді орындауға міндетті. БҚКШ, аллокирленген / аллокирленбеген металл шот шартпен қарастырылған міндеттерді орындамауы немесе талапқа сай орындамауы үшін Банк және клиент Қазақстан Республикасының заңнамасымен және БҚКШ, аллокирленген / аллокирленбеген металл шот шарт талаптарымен қарастырылған жауапкершілікті жүктейді.

141. БҚКШ, аллокирленген / аллокирленбеген металл шот шартымен тараптардың жауапкершілігін болдырмайтын немесе жауапкершілігін шектейтін шарттар қарастырылған болуы мүмкін, мысалы, еңсерілмейтін күш жағдайлары (форс-мажор), кінәнің болмауы, шарттың қарсы тарабының талапқа сай емес әрекеттері және басқалары.

142. Банк пен клиенттер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және / немесе БҚКШ, аллокирленген / аллокирленбеген металл шот шартымен сәйкес өздерінің міндеттерін орындамауы немесе талапқа сай орындамауы үшін жауапкершілік жүктейді. Клиент қарыз (несие) алу, банк шотын ашу және операциялар өткізу, сонымен қатар, басқа банктік қызметтерді алу үшін Банкке ұсынылған өзі туралы құжаттар мен мәліметтердің шынайлығы үшін жауапкершілік жүктейді.

143. Банк оларды орындау нәтижесінде клиенттің ақшасын уақытсыз немесе теріс есептен шығару, сонымен қатар, құжаттарды өңдеу анықталған мерзімдерден жоғары кешіктірілген, клиент теріс рәсімдеген төлем құжаттары үшін жауапкершілік жүктемейді.

144. Банк өзінің қызметін жүзеге асырған уақытта Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (ізін жасыруға), және лаңкестіктің қаржыландырылуына қарсы күресу туралы заңнамасының талаптарын орындайды, және Банк көрсетілген талаптарды орындау мақсатындағы іс-шараларды жүзеге асырған жағдайда, Банк те, оның лауазымды тұлғалары да БҚКШ, аллокирленген / аллокирленбеген металл шот шарт талаптарын / міндеттемелер мен Қазақстан Республикасының заңнамасын сәйкес ақпаратты ФМ-ге ұсыну бөлігінде бұзуы үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік жүктемейді.

145. Банк себептерін түсіндірусіз, Қазақстан Республикасының заңнамасымен, оның ішінде, қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыру (ізін жасыру), және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы күрес туралы, және / немесе осы ережелермен және Банктің басқа ІНҚ -мен және / немесе халықаралық / үкіметаралық келісімдер және / немесе шетелдік заңнама және / немесе халықаралық тәжірибе және /немесе жасалған шарттар талаптарымен қарастырылған жағдайларда және негіздер бойынша іскерлік қатынастар орнатудан бас тартуға, клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтатуға және / немесе банк шотын біржақты тәртіппен жабуға және / немесе өкімдерді орындаудан / клиенттің банк шоты бойынша операциясын өткізуден / қызметті алушыға банктік қызметті көрсетуден бас тартуға құқылы, оның ішінде: - клиенттің және / немесе оның өкілінің Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің ІНҚ-мен сәйкес сұраған құжаттар немесе мәліметтерді ұсынбауы; - клиенттің және / немесе оның өкілінің жарамсыз (жоғалтылған, әрекет ет мерзімі аяқталған) немесе жалған құжаттар мен мәліметтерді ұсынуы; - іскерлік қатынастардың болжалды мақсаты мен сипатын анықтау мүмкінсіздігі; - ҚМК тізімінде клиент және / немесе оның өкілі және /немесе оның бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтердің болуы; - егер операция / мәміле немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарабы / қатысушысы халықаралық ұйыммен немесе шетелдік мемлекетпен анықталған, ақшаның ізін жасыру / лаңкестікті қаржыландырудың едәуір тәуекелдіктері бар тіркелген / елде тұратын тұлға болып табылады немесе осы операцияны / мәмілені орындауға осындай тұлға қатысатын болса; - егер банктік құжатқа клиенттің өкілеттігі жоқ тұлғасы қол қойған болса және / немесе қолтаңба үлгісі және мөрдің бедері (болған жағдайда) Банкте бар, қолтаңбалар үлгілері мен бедері (болған жағдайда) бар құжаттағы деректерге сәйкес келмесе – іскерлік қатынастарды клиент қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыру (ізін жасыру), немесе лаңкестікті қаржыландыру мақсаттарында пайдаланатындығы туралы күдіктер бар болса; - Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережелермен және / немесе БҚКШ-мен, аллокирленген / аллокирленбеген металл шот шартымен қарастырылған басқа жағдайларда.

146. Банктегі заңды және жеке тұлғалардың ақшасын олардың келісімінсіз алу заңды күшіне енген сот актісі негізінде ғана орындала алады, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен, кеден одағының және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасымен және (немесе) зейнетақылық қамтамасыздық

туралы және міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларда.

